

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының Төрағасы*



# АСТАНА - ЕЛБАСЫ ЖІГЕРІНІҢ ЖЕМІСІ

БАҒАЛАЙ БІЛСЕК, БІЗ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚПЫЗ. АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ АРМАНДАҒАН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТҚАНЫН КӨРДІК. ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА АТСАЛЫСТЫҚ. ЕЛІМІЗДІ ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫТТЫҚ. ӘСІРЕСЕ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ЕҢ ҚАСИЕТТІ, ҚЫМБАТТЫ СИМВОЛЫ – ЖАҢА ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ БОЙ КӨТЕРГЕНІНЕ КУӘ БОЛДЫҚ. ОСЫНЫҢ БӘРІ НАҒЫЗ БАҚЫТ ЕМЕС ПЕ?

**А**стана – ел тарихы. Жағдай өте күрделі болатын. 1990 жылдың ортасында кеңестік экономикалық жүйенің жаппай ыдырауы, қоғамда саяси катаклизмдердің орын алуы, коммунистік идеологияның тоқырауынан туындаған дағдарыс шыңына жетті. Ел болашағына алаңдаушылық танытқан жұртшылық арасында әлеуметтік енжарлық туындады, наразылық көңіл күй

күшейе түсті. Жаңадан пайда болған қазақ мемлекеттілігінің құлдырауының қаупі туды. Міне, осындай мемлекетті қалыптастырудағы ең күрделі кезеңде, Қазақстан Президенті Н.Назарбаев елдің жаңа астанасын салу туралы шешім қабылдағанын айтты. Экономика құлдырап, қаржы ресурстары әбден сарқылған сәтте мұншалықты батыл шешімді Мемлекет басшысына ең жақын адамдардың өзі де бірден түсініп, қолдамағаны, күмәнмен қарағаны құпия емес. Алайда Елбасының батылдығы, тәуекелшілдігі халықтың сенімін оятты, азаматтардың отансүйгіштік, мемлекетшілдік сезімдерін үстем етті. Ел тарихындағы осынау ең ауыр сынақтар кезінде Президент Н.Назарбаевтың шынайы көшбасшыға тән құрыштай ерік-жігеріне куә болдық. Оған тарихтың өзі халқының құтқарушысы болмысын әрі тыннан жол салатын тұңғыш реформатордың миссиясын берді. Алда тұрған реформалар өте



ауыр еді. Сондықтан Президент халыққа, әсіресе жас ұрпаққа еліміздің жарқын болашағы үшін оның аса қажет екенін жалықпай түсіндіруден айныған жоқ. Астана – тәуелсіз Қазақстанның дамуының, ұлы армандар мен жарқын, терең ойдың іске асуының символына айналды. Қазақстандықтар ел тағдырын, өз болашақтарын Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сеніп тапсырды. Жаңа тарих басталды. Астана – ұлтымыздың болашағына бағытталған стратегия. Жаңа елорда ол – өзінің саясатында еуропалық реформаторлық пен прагматизм және демократиялық үрдістерге беріктікті де, сонымен қатар қоғам негізіне тығыз арқа сүйейтін азиялық дәстүршілдікті ұштастыра білген көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұзақмерзімді мазмұнды, терең геосаяси жоспары. Ең алдымен, Елбасының Астананы еліміздің орталығы – Арқа төсіне көшіру шешімінің стратегиялық мәні бар. Бұл біріншіден, бодандық шеңгелінен шыққан еліміздің геосаяси ұстанымын айтарлықтай жақсартып, оның қауіпсіздігін нығайтты. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында елорданы ауыстырудың терең мағынасын былайша бейнеледі: «Тәуелсіздік алған күннен бастап жаңа жағдай, сол жағдай ерекшеліктерін көлденең тартқан мүлде басқа мемлекеттік ахуал қалыптасты. Қазіргі уақыттың шындығы мен бірқатар геостратегиялық факторлар бізді өз геосаяси кеңістігімізді қайтадан қалыптастыру процесіне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүрледі». Екіншіден, «Қары бар жерде қаһар бар, кені бар жерде шаһар бар» десе де, Елбасының бұл аймақтың қарсауыттығынан, табиғатының қытымыр мінезінен қаймықпастан, жерасты қазба байлықтары мен ірі өндіріс орындары шоғырланған Орталық Қазақстанға елорда салу шешімін қабылдауы экономиканың маңызды салаларының дамуына жол ашты. Үшіншіден, сол кезеңдегі ахуалды еске алсақ, бұрынғы Кеңес одағы елдеріндегі ұлтаралық кикілжіңдер кезеңінде біздің көпэтносты мемлекетіміздің ішкі ұлтаралық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жасалған оң қадам болды. Елбасы титулды ұлт пен ұлт өкілдерінің арасындағы достық пен ынтымақтың қазақстандық үлгісін әлемге үлгі

етті. Астана – даму барометрі. Күнде өсіп, көркейіп жатқан елорданың қарқынды даму барысынан еліміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік даму қарқынын көреміз. Қазақстан Тәуелсіздіктің 26 жылы ішінде экономикасы дамыған, үлкен амбициялық мақсат-мүддесі бар, алыс-жақын мемлекеттер санасатын елге айналды. Әр жыл сайынғы Елбасы жолдаулары, ұзақ және қысқа мерзімдік бағдарламалар даму қарқынын біртіндеп үдете түсетін стратегиялық бағдар болды. Қазақстан бүгінде азуын айға білеген алпауыт мемлекеттердің стратегиялық әріптесі, өңірлік держава болып танылады. Аса көрнекті реформатор ретінде Н.Назарбаев тек жерасты байлықтарына ғана сүйенуге болмайтынын үнесі еске сала отырып, әлемдік дағдарыс кезеңін ел мүддесіне тиімді пайдаланып, бүкіл әлемнен таңдаулы технологияны, ең озық ақыл-ойды тартуды міндеттеді. Сөйтіп Мемлекет басшысы Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында еліміздің ойдағыдай дамуының жаңа векторын қалыптастырды. Ел алдына технологиялық жаңғырту, инновациялық индустрияландыру, адам капиталын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, аграрлық секторды, көлік және логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту салаларында жүзеге асыру міндеттерін қойды. Мемлекет басшысы айқындап бергендей, цифрландыруды кеңінен қолданысқа енгізу – елімізді жаңғыртудың басты бағыты. Өйткені бүгінде цифрлы технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Цифрландыру ел экономикасының болмысын түбегейлі өзгертіп, еңбек өнімділігінің артуы мен өмір сапасының жақсаруына зор ықпалын тигізеді анық. Сонымен бірге Президент халықты жан-жақты қолдаудың іргелі міндетін ешқашан ұмыт қалдырған емес. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мемлекеттік қызметкерлерді қолдау, зейнетақыны, стипендияны және мүгедектігі мен асыраушысынан айырылғанына байланысты жәрдемақыларды көбейту мәселелері ұдайы Елбасы назарында. Әлемде бірде-бір ел дағдарыс жағдайында және қаржы жетпей тұрғанда әлеуметтік көмекті ұлғайтуға тәуекел ете алған емес. Қазақстан – Ұлт

көшбасшысының озық ойлылығы арқасында осыны жасап отырған ел. Астана – бейбітшілік алаңы. Жаңа қала құрылысымен бірге Ұлы Дала төсінде жаңа идеялар, батыл инновациялар мен өршіл жобалар дүниеге келді. Жаһандық саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың зияткер әрі өміршең идеялары, тың бастамалары – ұстанымдары бөлек, саяси, діни, мүдделері тоғыса бермейтін елдерді Астанада табыстырды, ортақ мәмілеге келуге жол ашты. Еуразияның кіндігі – Астанада ЕҚЫҰ, ТМД, ШЫҰ, ЕурАЗ ЭО, ҰҚШҰ сынды халықаралық беделді ұйымдар саммитінің, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің, ЭКСПО-2017



көрмесінің өтуі, Сириядағы соғысты тоқтатудағы келіссөз алаңын ұсынған арағайындық бітімгершілік саясаты Қазақ елін әлемдік аренадағы беделді ойыншыға айналдырды. Әлемдік саясатшылар арасында «Астана – бейбітшілік алаңы» деген ұғым пайда болды. Оған кейбір келісуші тараптардың «Біз тек Астанаға ғана барамыз» деген сөздері дәлел екені даусыз. Астананың бейбітшілік алаңы ретінде танылуына, тіпті кейбір елдер тарапынан қызғанушылар да табыла бастады. Әлемнің әр түкпіріндегі адамдар тағдырына ықпал ететін маңызды шешімдер тек осы Астанада қабылданды. Қазақстан Президентінің беделі мен даналығына, бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қатысты бастамаларына халықаралық қоғамдастық қошемет білдіріп, қызу қолдады. Халқымыздың күрделі тарихында Астанада алғаш рет қазақ мемлекеттігінің жаңа геосаяси мазмұны қалыптасып, ұлттық сана-сезім күшейе

түсті. Қазақстан халқы әлемдік өркениеттен лайықты орын алып, халықаралық қоғамдастықтың ажырамас бөлігіне айналды. Астана – күретамыр. Жолдардың тоғысқан жері. Елорданың ел аумағының қақ ортасына орналасуы – Қазақстанның Еуропа мен Азияның экономикалық мүдделерін біріктіретін көлік хабына айналуына мүмкіндік береді. Бұл туралы Елбасы «Жолдар Қазақстанның өмір жолының сызықтары. Біздің ұлан-ғайыр даламызда



жолдардың жан-жағында үнемі тіршілік дамып жатты. Біз Астанадан жан-жаққа автомобиль, темір жол және авиациялық магистральдар тарайтын көлік жүйесін құруымыз керек», деген болатын. Жаңа астанамыздың сәнін кіргізген, заманауи сәулет өнерінің жарқын туындылары – жаңа халықаралық әуежай мен теміржол вокзалының салынуы Елбасы сөзінің нақты



іспен қуатталатының дәлелі. Жолдар – ел экономикасы дамуының көрсеткіші деп те атайды. Астанадан тараған жолдар Ұлт жоспары аясында Қазақстанды халықаралық көлік-коммуникациялық легіне интеграциялаумен





кабыстырылған болашағы үлкен жоба. Өйткені бұл Еуропадан Азияға тікелей жүк тасымалын іске асыруға мүмкіндік беретін мультимодальды көлік дәлізін жасауды қамтиды. Астанадан еліміздің тоғыз түкпіріне күн шапағы іспетті тарайтын «Нұрлы жол» стратегиялық бағдарламасы мемлекетіміздің дамуына сапалық тұрғыда тың серпін береді. Астана – ғылым мен білім ордасы. Елбасы өзінің жастарға арнаған сөзінде «Болашақ – білімде» деп атап өткен болатын. Бұл бір кездегі «Халқым басқа халықтан кем болмасын» деген Алаш арыстарының айтулы сөздерімен де үндесіп жатқан кемел ойдың көрінісі. Астана бүгінде Еуразияның іскерлік, мәдени және ғылыми орталығына айналды. Елбасының шетелдік танымал оқытушыларды тарта отырып ашқан Назарбаев Университеті бүгінде әлемдік деңгейдегі оқу орындарымен үзеңгі қағыстыра алатын беделді білім ордасына, Қазақстанның ғылыми-оқыту жүйесінің көшбасшысына айналды. Астанада, сонымен қатар іргелі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері ашылды, қазақстандық және шетелдік білім және зерттеу орталықтары

жұмыс істей бастады. Жастардың ғылымға бет бұрып, саналы тәрбие алуы үшін ауқымды істер атқарылды. Елбасының бастамасымен ашылған Астананың жоғары оқу орындары заманауи интеллектуалды орталық ретінде танылды. Ондаған, жүздеген жастардың әлемдік стандарттар деңгейінде емін-еркін сапалы білім алуға берілген тамаша мүмкіндік үшін Елбасына айтар алғысы шексіз. Астана 60 мыңнан астам қазақ жастарына маңызды өмірлік бағдарын берген теңдесі жоқ «Болашақ» бағдарламасының орталығына айналды. Астана – сұлу қала. Аз ғана уақыттың ішінде сайын далада ертегідегідей пайда болып, кербездігімен әлемді тамсантқан ғажайып шаһардың бой көтеруі – Елбасының ерлігі. Курокава, Фостер, Танге, Николетти сияқты есімдері әлемге танымал озық ойлы сәулетшілерді Астанаға әкелді. Өзіміздің үздік шеберлерді тартты. Алайда қаланың қандай болатыны жөніндегі бас жобалаушы да, идея беруші де Елбасының өзі болды. Сөйтіп елорданың бүгінгі бейнесін қалыптастырудағы жақсылыққа, игілік пен ізгілікке ұмтылған Елбасының ерік-жігерінің арқасында дүние жүзіндегі таңдаулы құрылыс туындылары

салынды. Тұңғыш Президент кітапханасы, «Астана опера» театры, Ұлттық музей, «Шабыт» өнер академиясы, «Қазақстан» киноконцерт залы, «Астана арена» стадионы, «Хан Шатыр» сауда-ойын сауық кешені, тағы да басқа айтып



тауысу мүмкін емес сұлу архитектуралы



ғимараттар, мәдени-көпшілік орындар көз қуантады, жүректерде патриоттық сезімді, ұлттық рухты оятады, көңілді мақтаныш кернейді. Астана – Елбасының перзенті. Ол – Ұлт көшбасшысы, мемлекет құрушы әрі ғажайып қала – Астананың рухани әкесі, архитекторы. Оның есімі дәуірдің ең белгілі, ықпалды жаңартушыларының қатарында аталады. Ол жаңа Қазақстан мемлекетін орнату кезеңінде қазіргі заманның ең дарынды жасампаз реформаторы ретінде танылды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Кейінгі 20 жылда Астанада ғаламат өзгерістер болды, ол Қазақстанның керемет келешегін паш етіп отыр» деп атап өтуі кездейсоқ емес. Владимир Путин Астананы «Қазіргі заманның ғажайыбы» деп атады. Ресей басшысы «Астана – қарқынды дамып келе жатқан мегаполис, Еуразиядағы ең заманауи

қалалардың бірі және ол Республика Президенті сіңірген аса зор еңбектің жемісі» деген болатын. Бүгінгі Астана – Елбасы жігерінің айқын жеңісі, әлемдік қоғамдастықтан ойып отырып орын алған Қазақстан жетістіктерінің жиынтық



бейнесі. Бозбала Астана Ұлы Дала мен Мәңгілік ел – Қазақ елі Тәуелсіздігінің айбары ретінде көркейе берері анық. Астана – біздің тарихи тағдырымыз. Қазақстанның жарқын келешегі, оның дамуы мен өркендеуі Елбасының атқарған ауқымды істері мен табандылықпен жүргізген саясаты шынайы алғыс пен құрметке лайық. Астана еліміздің әлеуетін нығайтуға бар күш-жігерін арнайтын интеллектуал күш саналатын, қауымды өзіне тартатын орталыққа айналды. Сондықтан Астана орындалатын армандар мен үміттердің қаласы. Ғасырларға жететін тарих әрі ұрпақтан ұрпаққа кететін ескерткіш. Астана – қазақ халқының жанаруының нышаны, үлкен үміттері ақиқатқа айналған қала екенін қазақстандықтар күн сайын сезінеді. Президент Н.Назарбаев дүниежүзілік тарихта жасампаз әрі ықпалды саясаткер ретінде өз орны бар тұлғаға айналды. Бізге, оның замандастарына, Елбасының Отанымыздың өркендеуі жолындағы ерлікке толы ерен еңбегінің мән-мағынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндеті жүктеледі. Халықтың Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген алғысы мен құрметі жалпы, ұлттық тарихта, ұлттық жанарулар шежіресіне алтын әріптермен жазылуға тиіс. Президент Н. Назарбаевтың шын мәніндегі жаһандық деңгейіндегі тарихи тұлға ретіндегі теңдесі жоқ еңбегін келер ұрпақ ризашылықпен мәңгілік есте ұстайтын болады. Оған менің еш күмәнім жоқ.



قاسىم - جومارت توقايەۆ

قازاقستان رەسپۇبلىكاسى

پارلامەنتى سەناتىنىڭ توراعاسى

## استانا - ەلباسى جىگەرىنىڭ جەڭىسى

باغلاي بىلسەك، بىز - باقتى ۇرپاقىز. اتا - بابالارىمىز عاسىرلار بويى ارمانداغان تاۋەلسىزدىك تاڭى اتقاندىن كوردىك. دەربەس مەملەكەتنىڭ قۇربلىنىنا اتسالسىتتىق. ەلىمىزدى تورتكۈل دۇنيەگە تانىتتىق. اسىرەسە تاۋەلسىزدىكىمىزدىڭ ەك قاسىيەتتى، قىمباتتى سىمۋولى - جاڭا ەلوردامىزدىڭ بوي كوتەرگەننە كۋا بولدىق. وسىنىڭ بارى ناعىز باقت مەس پە؟

استانا - ەل تارىخى. جاعداي وتە كۈردەلى بولاتىن. 1990 - جىلدىڭ ورتاسىندا كەڭەستىك ەكونومىكالىق جۇيەنىڭ جاپپاي ىدىراۋى، قوعامدا ساياسى كاتاك-لىزىمدەردىڭ ورنى الۋى، كوممۇنىستىك ىدەولوگىيانىڭ توقىراۋىنان تۇبىنداغان داعدارىس شىڭنا جەتتى. ەل بولاشاعىنا الاڭداۋشىلىق تانىتقان جۇرتشىلىق ارانىندا ەلۋمەتتىك ەنجارلىق تۇبىندا، نارازىلىق كوڭىل كۇي كۇشە-يە تۇستى. جاڭادان پايدا بولغان قازاق مەملەكەتتىلىگىنىڭ قۇلدىراۋىنىڭ قاۋىپى تۇدى. مىنە، وسىندا ي مەملەكەتتى قالىپتاستىرۋدا ەك كۈردەلى كەزەڭدە، قازاقستان پىرەزىدەنتى ن. نازاربايەۆ ەلدىڭ جاڭا استاناسىن سالۋ تۇرالى شەشىم قابىلداغاندىن ايتتى. ەكونومىكا قۇلدىراپ، قارجى رەسۇرستارى ابدەن سارقىلغان ساتتە مۇنشالەقتى باتىل شەشىمدى مەملەكەت باسشىنا ەك جاقىن ادامداردىڭ ۇزى دە بىردەن تۇسىنىپ، قولداماعانى، كۇمانمەن قاراعانى قۇپپا مەس. الايدا ەلباسىنىڭ باتىلدىعى، تاۋەكەلشىلىدىكى حالەقتىڭ سەنىمىن وياتتى، ازاماتاردىڭ وتان سۇيىگىشتىك، مەملەكەتتىلىدىك سەزىمدەرىن ۇستەم ەتتى.

ەل تارىخىندا ەل وسىنا ەك اۋىر سىناققار كەزىندە پىرەزىدەنت ن. نازاربايەۆتىڭ شىنايى كوشباسشىغا تان قۇرىشتاي ەرىك - جىگەرىنە كۋا بولدىق. وعان تارىختىڭ ۇزى حالقىنىڭ قۇت-قارۋىشى بولمىسىن ەلرى تىڭنان جول سالاتىن تۇڭغىش رەفورماتوردىڭ مىسسىياسىن بەردى.

الدا تۇرغان رەفورمالار وتە اۋىر ەدى. سوندىققان پىرەزىدەنت حالققا، اسىرەسە جاس ۇرپاققا ەلىمىزدىڭ جارقىن بولاشاعى ۇشىن ونىڭ اسا قاجەت ەكەنىن جالقيپاي تۇسىندىرۋدەن اينىغان جوق. استانا - تاۋەلسىز قازاقستاننىڭ دامۋىنىڭ، ۇلى ارماندار مەن جارقىن، تەرەڭ ىدىڭ نىكە اسۋىنىڭ سىمۋولىنا



اينالدى. قازاقستاندىقتار ەل تاعدىرىن، \*وز بولاشاقتارىن پرەزىدەنتىمىز نۇرسۇلتان \*ابشۇلى نازاربايەۋقا سەنىپ تاپسىردى. جاڭا تارىخ باستالدى .

استانا - ۇلتىمىزدىڭ بولا--شاعىنا باعتتالغان ستراتەگىيا. جاڭا ەلوردالول - \*وزىنىڭ ساياساتىن-دا ەۋروپالىق رەفورماتورلىق پەن پراگماتىزم جانە دەموكراتىيالىق ۇردىستەرگە بەرىكتىكتى دە، سونىمەن قاتار قوعام نەگىزىنە تەرزى ارقا سۇيەيتىن ازىيالىق داستۇرشىلدىكتى ۇشتاستىرا بىلگەن كوشباسشى نۇرسۇلتان نازاربايەۋتنىڭ ۇزاق-مەرزىمدى مازمۇندى، تەرەڭ گەوساياسى جوسپارى .

ەڭ الدىمەن، ەلباسىنىڭ استانانى ەلىمىزدىڭ ورتالىعى - ارقا توسىنە كوشىرۋ شەشمىنىڭ ستراتەگىيالىق \*مانى بار. بۇل بىرىنىشەن، بوداندىق شەڭگەلىنەن شىققان ەلىمىزدىڭ گەوساياسى ۇستانىمىن ايتارلىقتاي جاقسارتىپ، ونىڭ قاۋىپسىزدىگىن نىعايتتى. نۇرسۇلتان \*ابشۇلى \*وزىنىڭ « تاۋەلسىزدىك \*داۋىرى» كىتابىندا ەلوردانى اۋىستىرۋدىڭ تەرەڭ ماعىناسىن بىلايشا بەينەلەدى: « تاۋەلسىزدىك العان كۇنىنەن باستاپ جاڭا جاعداي، سول جاعداي مەرەكشەلىكتەرىن كولدەنەڭ تارتقان مۇلدە باسقا مەملەكەتتىك احۋال قالىپتاستى. قازىرگى ۋاقىتتىڭ شىندىعى مەن \*بىرقاتار گەوستراتەگىيالىق فاكتورلار \*بىزدى \*وز گەوساياسى كىشىستىگىمىزدى قايتادان قالىپتاستىرۋ پروتسەسىنە جاڭا كوزقاراسپەن قاراۋعا ماجبۇرلەدى». . ەكىنىشەن، « قارى بار جەردە قاھار بار، كەنى بار جەردە شاھار بار» دەسە دە، ەلباسىنىڭ بۇل ايماقتىڭ قارساۋىتتەن، تابىعاتىنىڭ قىتىمىر سەنەزى-نەن قايمىقپاستان، جەراستى قازىبا بايلىقتارى مەن \*بىرى \*وندى-رىس ورىندارى شوغرلانغان ورتالىق قازاقستانعا ەلوردا سالۋ شەشمىن قابىلداۋى ەكونوميكانىڭ ماڭىزدى سالالارىنىڭ دامۇنا جول اشتى. ۇشىنىشەن، سول كەزەڭدەگى احۋالدى ەسكە الساق، بۇرىنقى كەڭەس وداعى ەلدەرىندەگى ۇلتارالىق كىكىلجىڭدەر كەزەڭىندە \*بىزدىڭ كوپەتنوستى مەملەكەتتىمىزدىڭ شىكى ۇلتارالىق تۇراقتىلىغىن قامتاماسىز ەتۋگە جاسالغان وڭ قادام بولدى. ەلباسى تىتۋلدى ۇلت پەن ۇلت وكىلدەرىنىڭ اراسىنداى دوستىق پەن نىتىماقتىڭ قازاقستاندىق ۇلگىسىن ەلمگە ۇلگى ەتتى.

استانا - دامۇ بارومەترى. كۇندە \*وسىپ، كوركەيىپ جاتقان ەلوردانىڭ قارقىندى دامۇ بارىستان ەلىمىزدىڭ ەكونوميكالىق، ساياسى جانە ەلۋمەتتىك دامۇ قارقىنىن كورەمىز. قازاقستان تاۋەلسىزدىكتىڭ 26- جىلى شىندە ەكونوميكاسى دامىغان، ۇلكەن امبىتسىيالىق ماقسات- مۇددەسى بار، السى- جاقىن مەملەكەتتەر ساناساتىن ەلگە اينالدى. \*ار جىل ساينىعى ەلباسى جولداۋلارى، ۇزاق جانە قىسقا مەرزىمدىك باعدارلامالار دامۇ قارقىنىمىن بىرتىندەپ ۇدەتە تۇسەتىن ستراتەگىيالىق باعدار بولدى. قازاقستان بۇڭىندە ازۋىن ايعا




بىلگەن پاۋست مەملەكەتتەردىڭ ستراتېگىيالىق ارىپتەسى، ۋىخىرلىك دەرجاۋا بولمىپ تانىلدى. اسا كورنەكتى رەفورماتور رەتىدە ن. نازاربايەۋ تەك جەراستى باياشقتارنا عانا سۈيەنۋگە بولمايتىن ۋنەسى ەسكە سالا وتىرىپ، ەلمدىك داعدارس كەزەڭىن ەل مۇددەسىنە تىيەدى پايدالانىپ، بۈكىل ەلمنەن تاڭداۋلى تەحنولوگىيانى، ەك وزىق اقل - ويدى تارتۋدى مىندەتتەدى. سۈيىپ مەملەكەت باسشىسى تورتنشى ونەركاسپتىك رىيەۋوليۋوتسىيا جاعدايىندا ەلمىزدىڭ ويداعداي دامۇنىڭ جاڭا ۋەكتورىن قالىپتاستىردى. ەل الدىنا تەحنولوگىيالىق جاڭغىرتۋ، يىنوۋاتسىيالىق يىندۋستىريالاندىرۋ، ادام كاپىتالىن دامىتۋ، كاسپىكىرلىكتى قولداۋ، اكرارلىق سەكتورى، كولىك جانە لوگىستىكىالىق يىنفر-قۇرىلىمىدى جاڭغىرتۋ سالالارىندا جىۋزەگە اسىرۋ مىندەتتەرىن قويدى. مەملەكەت باسشىسى ايقىنداپ بەرگەندەي، تىيفرلاندىرۋدى كەڭىنەن قولدانىسقا ەنگىزۋ - ەلمىزدى جاڭغىرتۋدىڭ باسقى باعىتى. ويتكەنى بۇڭىندە تىيفرلى تەحنولوگىيالار جاھاندىق ەكونومىكىالىق دامۇدىڭ نەگىزگى فاكتورلارىنىڭ بىرىنە اينالىپ وتىر. تىيفرلاندىرۋ ەل ەكونومىكىاسىنىڭ بولمىسىن تۈبەگەيلى وزگەرتىپ، ەڭبەك ونىمدىلىگىنىڭ ارتۋى مەن مومر ساپاسىنىڭ جاقسارۋىنا زور ئىقالىن تىيگىزەرى انىق.

سونمەن بىرگە پىرەزىدەنت خالىقتى جان - جاقىتى قولداۋدىڭ بىرگەلى مىندەتىن ەشقاشان ۋىست قالىدىرعان ەمەس. دەنساۋلىق ساقتاۋ، بىلىم بەرۋ، ەلۋمەتتىك قور-عاۋ، مەملەكەتتىك قىزمەتكەرلەردى قولداۋ، زەينەتاقىنى، ستىپەندىيانى جانە مۇگەدەكتىكى مەن اسراۋشىسىنان اىرىلعانىنا بايلانىستى جارەماقلىاردى كوبەيتۋ ماسەلەلەرى ۋدايى ەلباسى نازارىندا. ەم-دە بىردە - بىر ەل داعدارس جاعدايىندا جانە قارجى جەتپەي تۇرعاندا ەلۋمەتتىك كومەكتى ۇلعايتۋعا تاۋەكەل ەتە ەعان ەمەس. قازاقىستان - ۇلت كوشباسشىسىنىڭ وزىق ويللىعى ارقاسىندا وسىنى جاساپ وتىرعان ەل. استانانا - بەيبىتشىلىك الاڭى. جاڭا قالا قۇرىلىسىمەن بىرگە ۇلى دالا توبىسىندە جاڭا يدەيالار، باتىل يىنوۋاتسىيالار مەن مورشىل جوبىيالار دۇنيەگە كەلدى. جاھاندىق ساياساتكەر نۇرسۇلتان نازاربايەۋتىڭ زياتكەر مارى ومىرشەڭ يدەيالارى، تىك باستامالارى - ۇستانامدارى بولەك، ساياسىي، دىنىي، مۇددەلەرى تو-عىسا بەرمەيتىن ەلدەردى استانانادا تابىستىردى، ورتاق مامىلگە كەلۋگە جول اشتى. ەۋرازىيانىڭ كىندىكى - استانانادا ەقۇ، تىم، شىۋ، ەۋراز ەو، ۇقشۇ سىندى خالىقارالىق بەدەل-دى ۇيمەدار ساممىتىنىڭ، ەم-دىك جانە ماستۇرلى دىندەر لىدەرلەرى سەزىنىڭ، ەكىپو - 2017 كورمەسىنىڭ مۇتۋى، سىپرىياداعى سوعىستى توقتاتۋداعى كەلىسسوز الاڭىن ۇستىعان ارالعايىندىق بىتىم-گەرشىلىك ساياساتى قازاق ەلىن ەلمدىك ارەناداعى







بەدەلدى وينشەا اينالدىردى. الەمدىك ساياساتشىلار ارانىدا «استانا - بەيىتشىلىك الاغى» دەگەن وىم بايدا بولدى. وعان كەيىر كەلسوشى تارايتاردىك «بىز تەك استاناغا عانا بارامىز» دەگەن سوزدەرى دالەل ەكەنى داۋسىز. استانانىك بەيىتشىلىك الاغى رەتسندە تانىلۇنا، تىپتى كەيىر ەلدەر تارايتان قىزغانۇشىلار دا تابىلا باستادى. الەمنىك ار تۇكىرىندەگى ادامدار تاعدىرىنا نىقال ەتەتىن ماغىزدى شەشىمدەر تەك وسى استانادا قابىلداندى. قازاقستان پەرزىدەنتىنىك بەدەلى مەن دانالغىنا، بەيىتشىلىك پەن قاۋىپسىزدىك نىسنە قاتىتى باستامالارىنا حالقارالىق قوعامداستىق قوشەمەت ەبىلدىرىپ، قىزۇ قىلدادى. حالقىمىزدىك كۆردەلى تارىخىندا استانادا العاش رەت قازاق مەملەكەتتىگىنىك جاغا گەوساياسى مازمۇنى قالىپتاسىپ، ۇلتتىق سانا - سەزىم كۆشەيە توستى. قازاقستان حالقى الەمدىك وركەنىيەتتەن لايىقتى ورنىن الىپ، حالقارالىق قوعامداستىقتىك اجراماس بولىگىنە اينالدى.

استانا - كۆرەتەمىر. جولداردىك توعىسقان جەرى. ەلوردانىك ەل اۋماعىنىك قاق ورتاسىنا ورنالاسۇى - قازاقستاننىك ەۋروپا مەن ازىيانىك ەكونومىكالىق مۇددەلەرىن بىرىكتىرەتىن كولىك جاپىنا اينالۇنا مۇمكىندىك بەردى. بۇل تۇرالى ەلباسى « جولدار قازاقستاننىك ەمىر جولىنىك سىزىقتارى. ەبىزدىك ۇلانعايىر دالە...زدا جولداردىك جان - جاعىندا ۇنەمى تىرشىلىك دامىپ جاتتى. ەبىز استانادان جان - جاققا اۋتوموبىل، تەمىر جول جانە اۋياتسىيالىق ماگىستىرالدار تارايتىن كولىك جۇيەسىن قۇرۇمىز كەرەك» ، دەگەن بولاتىن. جاغا استانامىزدىك ەسانىن كىرگىزگەن، زاماناۋى ساۋلەت نەرىنىك جارقىن تۇنىدىلارى - جاغا حالقارالىق اۋەجاي مەن تەمىر جول ۇوكزالىنىك سالنىۋى ەلباسى ەسوزىنىك ناقتى سىپەن قۇاتتالاتىنىك دالەلى. جولدار - ەل ەكونومىكاسى دامۇى-نىك كورسەتكىشى دەپ تە اتايدى. استانادان تاراغان جولدار ۇلت جوسپارى اياسىندا قازاقستاندى حالقارالىق كولىك كوممۇنىكاتسىيالىق لەگىنە يىنتەگىراتسىيالاۋمەن قابىستىرىلغان بولاشاعى ۇلكەن جوبا. ويتكەنى بۇل ەۋروپادان ازىياغا تىكەلەي جۇك تاسمالىن سىكە اسرۇعا مۇمكىندىك بەرەتىن مۇلتىمودالدى كولىك ەدالزىن جاساۋدى قامتىدى. استانادان ەلىمىزدىك توعىز تۇكىرىنە كۇن شاپاعى سىپەتتى تارايتىن « نۇرلى جول» سىتراتەگىيالىق باعدارلاماسى مەملەكەتىمىزدىك دامۇنا ساپالىق تۇرعىدا تىك سەرىپىن بەردى.

استانا - عىلىم مەن ەبىلىم ورداسى. ەلباسى ۇزىنىك جاستارعا ارناغان سوزىندە « بولاشاق - بىلىمدە» دەپ اتاپ وتكەن بولاتىن. بۇل ەبىر كەزدەگى « حالقىم باسقا حالقتان كەم بولمايىن» دەگەن الاش ارىستارىنىك ايتۇلى سوزدەرىمەن دە ۇندەسىپ جانقان كەمەل وىدىك كورىنىسى. استانا بۇگىندە







الەمگە تانىمال وزىق ويلى ساۋلەتشلەردى استاناغا اكەلدى. ءوزىمىزدىڭ ۇزدىك شەبەرلەردى تارتتى. الايدا قالانىڭ قانداي بولاتىنى جونىندەگى باس جوبالاۋشى دا، يدەيا بەرۋشى دە ەلباسنىڭ ءوزى بولدى. ءسويتىپ ەلوردانىڭ بۇگىنگى بەينەسىن قالىتاستىرۋداغى جاقسىلىققا، يىگىلك پەن سزگىلككە ۇمتالغان ەلباسنىڭ ەرىك - جىگەرىنىڭ ارقاسىندا دۇنيە جۇزىندەگى تاڭداۋلى قۇربلىس تۇنىدىلارى سالىندى. تۇڭغىش پەرزىدەنت كىتاپخانىسى، « استانا وپەرا» تەاترى، ۇلتتىق مۇزەي، « شاپىت» ونەر اكادەمىياسى، « قازاقستان» كىنوكونتسەرت زالى، «استانا ارەنا» ستادىيونى، «جان شاتىر» ساۋدا - ويىن ساۋىق كەشەنى، تاغى دا باسقا ايتىپ تاۋىسۇ مۇمكىن ەمەس سۇلۇ ارخىتەكتۇرالى عىماراتتار، مادەني - كوپىشلىك ورنىدار كوز قۇانتادى، جۇرەكتەردە پاتريوتتىق سەزىمدى، ۇلتتىق رۇحتى وياتادى، كوڭىلدى ماقتانىش كەرنەيدى.

استانا - ەلباسنىڭ پەرزەنتى. ول - ۇلت كوشباسشىسى، مەملەكەت قۇرۇشى ءارى عاجايىپ قالا - استانانىڭ رۇحاني اكەسى، ارخىتەكتورى. ونىڭ ەسىمى ءداۋىردىڭ ەڭ بەلگىلى، نىقالدى جارشارتۇشى-لارنىڭ قاتارىندا اتالادى. ول جاڭا قازاقستان مەملەكەتىن ورناتۇ كەزەڭىندە قازىرگى زامانىنىڭ ەڭ دارىندى جاسامپاز رەفورماتورى رەتىندە تانىلدى.



ق ح ر توراعاسى سي \*تسزىن-پىننىڭ « كەينىڭى 20 - جىلدا استانادا  
علامات وزگەرىستەر بولدى، ول قازاقستاننىڭ كەرەمەت كەلەشەگىن پاش ەتپ  
وتر» دەپ اتاپ \*وتۇى كەزدەيسوق ەمەس. ۆلادىمىر پۋتىن استانانى « قازىرگى  
زاماننىڭ عاجىبى» دەپ اتادى. رەسەي باششى «استانا - قارقىندى دامىپ  
كەلە جاتقان مەگاپولىس، ەۋرازياداعى ەڭ زاماناۋى قالالاردىڭ \*بىرى جانە ول  
رەسپۇبلىكا پرەزىدەنتى سىڭىرگەن اسا زور ەڭبەكتىڭ جەمىسى» دەگەن بولاتىن.  
بۇگىنگى استانا - ەلباسى جىگەرىنىڭ ايقىن جەڭىسى، الەمدىك قوعامداستىقتان  
ويىپ وترىپ ورسن العان قازاقستان جەتسىستىكتەرىنىڭ جىنتىق بەينەسى. بوزبالا  
استانا ۆلى دالا مەن ماڭگىلىك ەل - قازاق ەلى تاۋەلسىزدىگىنىڭ ايبارى رەتىندە  
كوركەيە بەرەرى اتىق.

استانا - ەبىزدىڭ تارىخى تاع-دىرمەىز. قازاقستاننىڭ جار-قىن كەلەشەگى،  
ونىڭ دامۋى مەن وركەندەۋى ەلباسىنىڭ اتقارغان اۋقىمىدى سىتەرى مەن  
تاباندىلىقپەن جۇرگىزگەن ساياساتى شىنايى العىس پەن قۇرمەتكە لايىق. استانا  
ەلىمىزدىڭ الەۋەتىن نىعايتۋعا بار كۇش- جىگەرىن ارنايتىن يىتەللەكتۋال كۇش  
سانالاتىن، قاۋىمدى وزىنە تارتاتىن ورتالىققا اينالدى. سوندىقتان استانا  
ورىندالاتىن ارماندار مەن ۇمىتتەردىڭ قالاسى. عاسىرلارعا جەتەتىن تارىخ \*ارى  
ۇرپاقتان ۇرپاققا كەتەتىن ەسكەرتكىش.

استانا - قازاق حالقىنىڭ جاڭغارۋىنىڭ نىشانى، ۆلكەن ۇمىتتەرى اقيقاتقا  
اينالعان قالا ەكەنىن قازاقستاندىقتار كۇن ساپىن سەزىنەدى. پرەزىدەنت ن.  
نازاربايەۋ دۇنيەجۇزىلىك تارىختا جاسامپاز \*ارى نىقالدى ساياساتكەر رەتىندە \*وز  
ورنى بار تۇلعاغا اينالدى. بىزگە، ونىڭ زامانداستارىنا، ەلباسىنىڭ وتانىمىزدىڭ  
وركەندەۋى جولسىنداعى ەرىلككە تولى ەرەن ەڭبەگىنىڭ \*مان- ماعىناسىن ۇرپاقتان  
ۇرپاققا جەتكىزۋ مىندەتى جۇكتەلەدى. حالقتىڭ نۇرسۇلتان \*ابشۇلى نازاربايەۋقا  
دەگەن العىسى مەن قۇرمەتى جالىپى، ۆلتتىق تارىختا، ۆلتتىق جاڭغارۋلار  
شەجىرەسىنە اتىن ارىپتەرمەن جازىلۋعا \*تىس. پرەزىدەنت ن. نازاربايەۋتىڭ شىن  
مانسىندەگى جاھاندىق دەڭگەيىندەگى تارىخى تۇلعا رەتىندەگى تەڭدەسى جوق  
ەڭ-بەگىن كەلەر ۇرپاق رىزاشلىقپەن ماڭگىلىك ەستە ۇستايىتىن بولادى. وعان  
مەنىڭ ەش كۇمانىم جوق.